

Жүйеде жекелеген пәндерді, мысалы, ағылшын немесе дене шынықтыру пәндерін оқып-үйрену үшін сыныпты топтарға бөлу мүмкіндігі қарастырылған.

Ескерту: сыныпты топтарға сынып жетекшісі, «Сыныптар» блогына қолжетімділігі бар редактор және әкімші бөле алады.

Оқу тобын жасау және оны өңдеу жұмыстары сынып парақшасының өңдеуінде жасалады.

Оқу тобын жасау үшін:

- «Оқу топтары» қойындысына өту;
- «Топты құру» батырмасын басу;
- оқушыларды бөлу әдісін таңдау:
 - **«Қолмен»** - сыныптың тізімінен оқушыларды оқу тобына қалыптастыру ББМ қызметкері қолмен жасайды;
 - **«Ұлдар/Қыздар»** - жыныстық белгісі бойынша оқушыларды оқу тобына бөліп шығу;
 - **«Әліпби бойынша екі топқа»** - әліпби бойынша автоматты түрде оқушылардың топтарға бөлінуі.
- «Әрі қарай» батырмасын басу;
- ашылған парақшада оқушыларды таңдау және бөлу жұмысын іске асырып немесе алдын көрсетілген бөлу тәсілі бойынша автоматты түрде бөлу нәтижелерін тексеріп шығу;
- әрі қарай, қысқаша атауын енгізу (кестеде шығу үшін) және оқу топтарының толық атауын енгізу;
- «Топты құру» батырмасын басу.

Барлық оқу топтары жасалғаннан кейін, «Шебер жұмысын аяқтау» батырмасын басу қажет болады.

Сынып параметрлері: Демо 4

2020/2021 оқу жылы

Қарап шығу

Өңдеу

Оқушылар

Оқу топтары

Логотип

Білім беру бағдарламалары

Жаңа оқу тобы

1. Бөлу әдісі ➔ 2. Оқушыларды таңдау

- Қолмен**
Топты құруға болатын оқушылар тізімі көрсетілетін болады.
- Ұл балалар/Қыз балалар**
Сынып тізімі автоматты түрде жыныстық белгі бойынша екі бөлікке бөлінеді.
- Әліпби бойынша екі бөлікке**
Екі тең бөліктер (тақ сан кезінде бірінші бөлігі 1 адамға артық).

Ары қарай>

немесе топтар тізіміне оралу

Оқу топтарымен жұмыс жасау барысында, олардың толық және қысқаша атауларын және оқушылардың тізімін өзгертуге болады. Деректерді өңдеу қажет болған жағдайда, «Өңдеу» сілтемесіне басып, деректерді өзгерту қажет болады. Бітіру үшін – «Сақтау» батырмасын басу қажет.